

ХАТТАМА

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария
талқылау

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы
«№6 Қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Тараз қаласы
Өткізу уақыты: 11.00 сағат

20.07.2023 жыл

Төраға Д.К.Керимбаева
Хатшы Г.Т.Егембердиева

Қатысқандар:

У.Х.Уркинова - Бас дәрігердің ішкі аудит бойынша орынбасары
Г.Н. Айжарықова - Бас бухгалтер
С.О.Мынбаева - персоналды басқару Қызметінің басшысы
Н.А.Оразбаев - Заң кеңесшісі комплаенс офицер
С.Р.Керимова - Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын қорғау ісі
жөніндегі орынбасары

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жүргізген сыбайлас
жемқорлыққа қарсы тақырыптық ішкі талдау нәтижелерін талқылау .

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бас дәрігер Д.К.Керимбаева -
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әр адамның міндеті мен борышы
екендігін, сыбайлас жемқорлықтың біздің мемлекетімізге нұқсан
келтіретіндігін, сондықтан, кез-келген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимылда қоғамдағы төзімділікті қалыптастыру үшін алдағы уақытта жүйелі
жағдайлар жасалу керектігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда

барлық мемлекеттік қызметшілердің қатысуы қажеттігін, әрбір мемлекеттік қызметші тек өз іс-әрекеттері үшін жауапты емес, сондай-ақ тұтастай ұжымның жұмысы үшін де жауапты екендігін атап өтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының орындалуы ұдайы бақылауда екендігін айтты.

Тыңдалды: Заң кеңесшісі Н.А. Оразбаев

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- қаржылық бақылауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;

2023 жылғы 10 шілде мен 20 шілде аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі емханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізді. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша емханада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша ұсынымдар берілді, атап айтқанда:

1. Емхана қызметкерлерінің барлық лауазымдық нұсқаулықтарына міндеттерді енгізуді қамтамасыз ету:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- емхана аумағында өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында оларға қандай да бір адамдардың жүгіну фактілері туралы және т. б. басшылықтың назарына дереу жеткізу.

2. Барлық қызметкерлерден сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама сұрау.

3. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының, ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының және ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және коммерциялық пара беру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтау.

4. Жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде өкілеттіктерді пайдалануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында емхана әкімшілігі қызметкерлерінен олардың сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мынадай шектеулерді қабылдауы туралы міндеттемелер алуын рәсімдеу : өз функцияларын орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру; лауазымды адамдардың жақын туыстарымен (ата-аналары), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері), жұбайларымен бір бөлімшеде болатын лауазымдарда болуына жол бермеу бойынша және жекжаттар (жұбайының (зайыбының) бауырлары, әпкелері, ата-аналары мен балалары); мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалануға.

Тыңдалды: персоналды басқару қызметінің басшысы С.О.Мынбаева -

Күнделікті негізде ұйым қызметкерлерімен ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын бұзушылықтарға жол бермеу бойынша, профилактикалық әңгімелер жүргізіледі, ұйымның барлық қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтамалар сұралып, жеке істеріне тігілді.

Емхана қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу туралы енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде

Бұдан басқа, емхана әкімшілігі қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу қабылданды.

Басқару қызметі бағытында мүдделер қақтығысының, қызметкерлердің басшыға қатыстылығының фактілері анықталған жоқ. Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Тыңдалды: Г.Н. Айжарықова - Бас бухгалтер

Бухгалтерлік есепті жеке құрылымдық бөлімше – бухгалтерия (бұдан әрі – Бөлім) жүргізеді. Бөлім сенімгерлік басқару ерекшеліктерін ескере отырып, бухгалтерлік есептің халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келетін, қабылданған Есеп саясатына толық сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Бухгалтерия бөлімінің әрбір қызметкерінің құқықтары мен міндеттері кәсіпорын басшысы мен бөлім қызметкері қол қоятын Кәсіпорынның жеке актісімен белгіленеді.

Бухгалтерия Қоғаммен жүргізілетін барлық шаруашылық операцияларының толық көрсетілуін қамтамасыз етеді, басшылықты қажетті

жедел ақпаратпен қамтамасыз етеді, қаржылық және салықтық есептілікті дер кезінде жасайды.

Бухгалтерлік есеп «1С «Бухгалтерия» арнайы бағдарламасында автоматтандырылған түрде жүргізіледі. Құжат айналымы қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктеріне және «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтік міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мүліктің сақталуын, қаржылық-шаруашылық қызметті жүргізудің заңдылығы мен мақсаттылығын, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен есеп беру деректерінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) қолданылады.

ІБЖ басқарудың негізгі тұтқаларының бірі жоспарға сәйкес, сондай-ақ қажет болған жағдайда жүргізілетін активтер мен міндеттемелерді түгендеу болып табылады.

Қаржылық есеп берудің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайынғы аудит жүргізіледі

Бухгалтерлік есеп қызметі бағытында мүдделер қақтығысының, қызметкерлердің басшыға қатыстылығының фактілері анықталған жоқ. Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Шешімі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекел деңгейі жоғары салаларға және мүдделер қақтығысы қатысты қызмет бағытында, тұрақты ішкі бақылау және аудит жүргізу.
2. Ұжымда адал еңбек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.
3. Қоғамдық орындарда плакаттарды орналастыру "ПАРА берме!" (оның ішінде «сенім телефоны» және сыбайлас жемқорлық фактілер бойынша шағым беруге болатын тұлғалардың байланыс деректері)
4. «№6 Қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-ны ресми интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау нәтижелерін орналастыру.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін талқылау нәтижелері бойынша емхананың бас дәрігері барлық қызметкерлеріне ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мүлтіксіз сақтау және бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұсқау берді.

Төраға



(ҚОЛЫ)

Д.К.Керимбаева

Хатшы



(ҚОЛЫ)

Г.Т.Егембердиева